

А.С. Әділова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: adilova2010@mail.ru)*

Қазіргі заманғы лингвистика туралы

Мақала жаңа парадигмаларға негізделген интегративті лингвистиканың қазіргі жай-күйіне арналған. Экспансионизм, антропоцентризм, функционализм және экспланаторлық қағидаттары тіл біліміне тілді тікелей адаммен, оның қоғамдағы тіршілігімен байланысты қарастыруға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде және жаһандану үдерістері мен үрдісіне байланысты әлемдік лингвистикада жаңа салалар пайда болғаны белгілі. Сонымен қатар бұл өзгерістер кейбір пәндердің зерттеу нысандары мен сипаттау үлгілерін өзгерту қажеттігін туындатты. Мәселен, әлеуметтік лингвистикада бұрыннан зерттеліп жүрген мәселелерді зерттеу фокусы өзгерді. Әлемдік лингвистикада «үш шоғырлану шеңбері теориясына» сәйкес «плюрицентрлік (көпұлтты) тілдер» ұғымы жиі қолданыла бастады, көпұлтты тілдерді қарқынды зерттеу барысында тілдерді сипаттаудың жаңа моделі анықталды. Плюрицентрлік тілдердің автохтонды емес аумақтарда қолданылуы, дамуы, өзгеруі көптеген мәселелерді кешенді түрде қарастыруды көздейді, өйткені бұл сұрақтар сөйлеу субъектісі үшін де, геосаяси тұрғыдан да маңызды. Осы заманғы плюрицентрлік тілдердің қазіргі кезеңдегі екітарапты өзгерісі ретінде Қазақстандағы орыс тілді бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінде кездесетін қазақ сөздері келтіріледі. Тілдегі өзгерістерді лексикалық тұрғыда тіркеп (фиксация), қолданысқа түсіріп отыратын, тілдегі, қоғамдағы, тілдік тұлғалар интенциясындағы өзгерістерді жіті көрсететін мәтінді түзетін де, оны оқитын да адам болғандықтан, қазіргі лингвистиканы адам туралы ғылым деуге болады.

Кілт сөздер: интегративті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, көпұлтты тілдер, тілдердің аймақтық нұсқалары, тілдердің дамуы.

Техника-технология, өндіріс, коммуникация қарыштап дамып, әлемнің барлық дерлік елдерінің бәрі бірдей дерлік заттарды тұтынып, бірдей дерлік идеологияны ұстануына мәжбүрлеп отырған жаһандану кезінде әр халық өзінің ана тілін сақтап қалуға ұмтылуы, оның белгілі бір кеңістіктегі, қоғамдағы орнын, маңызын зерделеуі, болашағын болжауы, болашағына алаңдауы, тілі арқылы өзін-өзі және өзгені тануы, өзін өзгеге танытуы заңды құбылыс. Осы тұрғыдан келгенде тілді құрылымдық-семантикалық, танымдық, тарихи-әлеуметтік, қолданбалы тұрғыдан қарастыратын тіл білімі ерекше маңызды.

XX ғасырдың аяғы — XXI ғасырдың басындағы зерттеулер өздігінен дамитын күрделі жүйелердің ерекшеліктерін қарастыруға бағытталған, сол себепті жалпы даму заңдылықтары ортақ және өзара байланыста болып есептелетін биосфера, қоғам және адам ғылыми ізденістердің негізгі нысанына айналып отырғаны белгілі.

Кез келген ғылым саласының жай-күйі оның алдына қоғам қойып отырған міндеттермен, ғылымның өткені мен қазіргі деңгейімен, сондай-ақ онымен байланысты басқа ғылым салаларының жай-күйімен анықталады. Жалпы қандай да бір ғылым дамуы оның өз ішінде саралану және өзге ғылым салаларымен ұштасу, тоғысу үдерісімен, үрдісімен байланысты. Сол себепті қазіргі заманғы лингвистика да жалпы ғылым дамуынан қалыс қалып отырған жоқ, яғни оны полипарадигмалы және интегративті тіл білімі деп танымыз.

Қазіргі заманғы лингвистика деп аталатын кезеңді нақтылауда ғылыми айналымда бірізділік жоқ. Кейбір еңбектерде XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басы делінсе, жекелеген ғалымдар бұл кезеңнің басы ретінде XX ғасырдың 70 жылдарын атайды.

Көп парадигмалылық лингвистикалық теориялардың бірнеше парадигма шеңберінде дамитынын көрсетеді, яғни тіл білімі үшін ең негізгі парадигма деп антропоэкетілік, функционалдылық және когнитивтік парадигмаларды атаймыз. Жаңа ғылыми парадигма пайда болған кезде бұрынғы мектептер біртіндеп жойылса да, ол ғылымның бұрыннан шешілмей келе жатқан немесе көмескі, тасада қалып жатқан мәселелерін шеше отырып, орнығады.

Интегративтілік ғылым дамуындағы өткен мен қазіргіні түрлі пәндер мен әдіс-тәсілдердің бірлігі арқылы зерттеуден көрінеді.

Қазіргі лингвистикалық парадигмаға қатысты зерттеуші Е.С. Кубрякова 4 қағиданы атап көрсетеді: экспансионизм, антропоцентризм, функционализм және экспланаторлық [1]. Бұл қағидаттардың әрқайсысы ғылыми зерттеулерде түрліше байқалады.

Экспансионизм тіл білімінің басқа ғылым салалары деректерін пайдалануынан, сондай-ақ бірнеше ғылым саласының тоғысып, ірі бір ғылым түріне айналуынан көрінеді. Бұл термин мәтін лингвистикасына қатысты алғаш рет 1987 жылы Берлинде өткен Халықаралық лингвистикалық конгресте қолданылған еді. Содан бері бұл термин лингвистика ілімдерінің өзге ғылымдарға үстемдік етуі (басып кіруі) деген мәнде қолданылып келеді. Осыған байланысты лингвогносеология, социоллингвистика, лингвоперсонология, психоллингвистика, нейролингвистика, лингвопраксеология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, лингвопалеонтология сияқты ғылымдар пайда болды.

Физикаға қатысты синергетика заңдылығы қазір барлық ғылым саласымен байланыстырыла жұмсалады, тікелей тіл біліміне қатысты айтатын болсақ, қазақ терминологиясының дамуындағы пуризм және неопуризм құбылысын еске алсақ та жеткілікті.

Антропоэзектілік қағидаты адам үшін тілдің, тіл үшін адамның орнын анықтаумен тікелей байланысты. Тарихи даму барысында жақсылықтың да, жамандықтың да басты себепкері адам болғандықтан және түрлі прогресті дамытып, сан қилы дағдарысты шешетін де адам болғандықтан, оның қабілеті, соны көрсететін тілі көптеген ғылымдардың зерттеу нысанына айналды, яғни адамның іс-әрекетіне тілдің, тілдің дамуына адамның ықпал-әсері негізге алынады. Шынында да, адам болмаса тілдің заңдылықтары, сөздік құрамы, лексикаға еніп жатқан жаңа бірліктердің еш қажеті болмас еді, ал тіл болмаса, қандай жағдай болса да, қарым-қатынасқа түсіп, соған сәйкес тіл (сөйлеу) бірліктерін таңдап, іріктеп қолдану мүмкін болмас еді. Сол себепті де тіл білімінің әр саласы сөйлеу субъектісі ретінде адамды әр тұрғыдан қарастырады.

Функционализм қағидаты бойынша, ең алдымен, тіл бірліктерінің қызметі, қолданылу мақсаты, екіншіден, оның қолданыстағы қалпы, яғни сөйлеу әрекеті мен өнімі (мәтін не дискурс) қарастырылады. Функционализмнің басты белгілері ретінде типтік құрылымдарға қызмет етуге бағытталғандығын, эмпиризм, статистикалық әдістерді пайдалануын және пәнаралық байланыстарға негізделуін атау керек.

Экспланаторлық қағидаты қазіргі лингвистикада ішкі сұрақтардың жауабын табу үрдісімен тығыз байланысты, яғни тіл құбылыстарын экспансионизм және функционализм қағидаттарына сүйене отырып түсіндіру. Мәселен, қазір түсініксіз болып отырған тіл элементтерін морфемалық, модельдік талдау, модельдеу және жоққа шығару, ішкі және сыртқы жаңғырту әдістері, статистикалық талдау арқылы нақтылауға, айқындауға мүмкіндік туды. Зерттеуші Ж. Манкеева «тілдің қазіргі деңгейінде ажыратылмайтын екі буынды түбір-негіздер туынды етістіктерге негіз болған «өлі» түбірлерді сыртқы және ішкі реконструкция арқылы анықтаған» [2;16], сондай-ақ фразеологизмдердің пайда болуына прецедентті жағдайлар мен мәтіндер әсер еткенін дәлелдеуге жаңғырту, қайта қалпына келтіру, айқындау тәсілдері себеп болды.

Сонымен қатар қазіргі тіл білімі үшін аса маңызды боп отырған мәселенің бірі — мәтінөзектілік, себебі әр адам мәтін арқылы тіршілікте алатын бар білімін жинақтайды, ой-өрісін кеңейтеді, рухани бітім-болмысын қалыптастырады. Ал мәтін тілдің барлық құралдарының әлеуетін көрсететін феномен, сондықтан сол мәтінді оқу оны түзуші мен оны оқитын адресаттың танымдық базасын, кеңістігін ұштастыратынын ескерсек, мәтін жалпы ойлау, таным үдерістері туралы да хабар бере алатынын байқаймыз.

Жаңа ғылыми парадигмаға байланысты эколлингвистика, лингвоконцептология, лингвоглобалистика сияқты интегративті бағыттар пайда болса, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика сияқты салалардың өзі бұрынғы зерттеу нысандарын қайта қарап, оларға пәнаралық тұрғыдан қарай бастады. Оның себептері қатарында көптеген объективті және субъективті факторлар бар [3]. Мәселен, әлеуметтік лингвистиканы алайық. Оның негізгі нысандары ретінде ғалымдар ана тілі мен екінші тіл, тіл мен диалектінің арақатынасын, тілдің әлеуметтік жіктелуін, тіл эволюциясының әлеуметтік шарттарын, тілдердің бір-біріне әсерін, тілді меңгеру деңгейлерін, сөйлеудің әлеуметтік қырларын, семантика мен тіл бірліктерінің тіркесімділігіне әлеуметтік шектеулердің болуын атаған еді. Алайда гео- және тілдік саясат өзгеріп, тілдердің мәртебесі алмасып, шекаралар ашылып жатқан қазіргі кезеңде қандай да бір тілде бір ғана емес, дүние жүзінің әр тарабында жатқан түрлі халықтар сөйлеп, жазып, басқа халықтармен сан салалы қарым-қатынас тілі ретінде қолданып отырғанын, сондай-ақ белгілі бір лингвомәдени кеңістікте түрлі тілде сөйлейтін тұлғалардың тұрып жатқанын ескерсек, бұл нысандарды сипаттау үшін жаңа зерттеу модельдері керек болғаны сөзсіз. Осы орайда қазіргі әлеуметтік лингвистикада жиі қолданылып жүрген термин — плюрицентрлік тілдер.

Жаһандану дәуіріндегі тілдік құбылыстар мен коммуникативтік тұрғыдан тілдер теңсіздігін сипаттайтын модельге тірек ретінде үш жаңа ұғым аталады: «*социолингвистический масштаб*» (sociolinguistic scales); «*иерархия/порядок указателей*» (orders of indexicality); «*полицентричность*» (polycentricity)» [4]. Мұндағы «полицентричность» ұғымы белгілі бір тілдің автохтонды аумақта емес, басқа да көптеген жерде қолданылып, дамып отыруына байланысты плюрицентризм, көпұлтты деген сөздермен жарыса жұмсалады.

Әлемдік лингвистикада бұл термин өткен ғасырдың 50-жылдарының аяғына қарай қолданыла бастағанына қарамастан, оның қазіргі кездегі қарқынды әрі кеңінен жұмсалуы үнді текті америкалық лингвист Б. Качрудың ағылшын тілінің дүние жүзіндегі орны мен қызметіне, дамуы мен өзгеруіне, басқа тілдерге ықпалына қатысты ұсынған «үш шоғырлану шеңбері теориясы» (теория трех концентрических кругов) және америкалық тілші Л. Смиттің «ағылшын тілінің аймақтық нұсқасы» ұғымының ғылыми айналымға енуімен тығыз байланысты. Біртіндеп үлкейіп отыратын «үш шоғырлану шеңбері» арқылы әлемдегі ағылшын тілін қолданатын тілдік қауымдастық үшке бөлінеді: тіл нормасын жасаған (ішкі шеңбер), тіл нормасын жасап жатқан (сыртқы) және тіл нормасына тәуелді (кеңейіп жатқан) (производящие норму, вырабатывающие норму и зависящие от нормы) [5]. Шынында да, Қазақстанда жүргізіліп жатқан үш тұғырлы тіл саясатын ағылшын тіліне қатысты жүзеге асырып жүргендердің арасында отандық та, отандық емес те оқытушылар бар. Ал соңғыларының арасында ана тілі ағылшын тілі болып саналатындар тіпті аз, көбінесе ағылшын тілін екінші немесе шетел тілі ретінде үйренген басқа ұлт өкілдерінің дыбыстау, сөйлеу мәнерін үйреніп жатқанымыз анық және олардың ішкі шеңберге кіретін британдық, австралиялық, америкалық, жаңазеландиялық, канадалық ағылшын тілі нұсқаларының қайсысын ұстанатынына да толық көзіміз жете бермейді. Бір сөзбен айтқанда, үш шеңберге кіретін нұсқалардың фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, семантикалық және прагматикалық деңгейде айырмашылықтары болады.

Қазақстандық зерттеуші Д.Шайбакова плюрицентрлік тілдерді алғаш сипаттаған М. Клайннің бұл ұғымға берген: «Плюрицентрическим считают язык, имеющий несколько стандартных версий, у каждой из которых есть свои кодифицированные нормы» деген анықтамасын келтіре отырып, оның негізгі белгілерін көрсетеді: «1) имеют несколько версий стандартного языка; 2) имеют несколько центров развития; 3) каждый центр имеет свою вариативность, свои собственные кодифицированные нормы; 4) они трансграничны; 5) этническая и языковая идентичность не всегда совпадают» [6]. Ғалым, сонымен қатар, М.Клайннің өз еңбегінде орыс тілін плюрицентрлік тілдердің қатарына енгізбегенін айтады. Алайда отандық зерттеуші орыс тіліне қатысты аталған белгілердің біріншісі мен үшіншісі байқалмайтынына қарамастан, орыс тілінің Қазақстанда қолданылуы, дамуы, өзгеруі плюрицентрлік тілдерді зерттеу модельдерімен жүргізілуі керектігін дәлелдеп, шәкірттерімен (Г.А. Амангелдиева Г.А. Атембаева) бірге осы бағытта бірнеше еңбек жариялады.

Қазіргі кезде плюрицентрлік тілдердің жетекші емес нұсқаларын зерттеуші халықаралық жұмыс тобының (международная рабочая группа по недоминирующим вариантам плюрицентрических языков — WGNDV — International Working Group on Non-Dominant Varieties of pluricentric Languages) ресми сайтында [7] 40-тан астам тіл плюрицентрлік деп көрсетілсе, отандық зерттеуші 17 тілді атайды [8]. Біздіңше, жұмыс тобының мүшелері тізімдегі көптеген тілдердің коммуникативтік, функционалды күш-қуатын емес, сол тілдерде сөйлейтін адамдардың таралу ареалын еске алған сияқты.

Плюрицентрлік тілдерді зерттеу модельдері кең ауқымдағы үлкен мәселелерден гөрі локальді аумақтағы тілдік жағдаят субъектілері үшін маңызды сұрақтарға назар аудару қажеттігінен туындағаны белгілі. Осы мақсатта плюрицентрлік тілдерді зерттеушілер үшін тұрақты түрде 2011 жылдан бастап өткізіліп тұратын конференциялармен қатар [7], сан алуан тілдік жағдайлардағы тілдерді сипаттауға, зерттеуге арналған әркілы конференцияларда плюрицентрлік тілдерді зерттеушілер үшін арнайы панель қарастырылған.

Бұл зерттеулерде ғалымдар мынадай мәселелерге назар аударады:

- жаһандану үдерістері және олардың тілдерге ықпалы;
- тіл және көші-қон (миграция)
- білім экономикасындағы тілдің рөлі;
- ұлттық азшылықтың тілін сақтау үшін тілді тауарға айналдыру;
- контактілі тілдердің құрал және символ ретіндегі қызметі;

- би- және мультитілді топтардың материалды мәдениеті;
- метрополиядан тыс қолданылатын тілдердің прагматикалық нормаларының өзгеруі;
- ұлттық тілде сөйлеушілер және білім жүйесіндегі мәселелер;
- тілдік құқық: заң және тәжірибе арасында;
- мәдени дипломатиядағы билингвизм мен мультилингвизмнің рөлі [6].

Жаңа тілдік жағдайдағы плюрицентрлік тілдің рөлін анықтау үшін шетелдік ғалымдар басқа да факторларды ескереді [6]. Бір қарағанда, бұл факторлар бұрыннан айтылып жүрген сияқты көрінгенмен, кейінгі зерттеулерде бағалаушытық рең басым екені байқалады, яғни белгілі бір геосаяси кеңістіктегі тұрғындардың тіл саясатына, тілдік жағдайға, тілдің рөліне қатысы олардың оң не теріс бағалауы арқылы да сипаттала бастағанын көрсетеді. Бұл орайда плюрицентрлік деп қарастырылып отырған тілдердің өзгерісі, олардың сол кеңістікте қатар қолданылатын тілдерге ықпалы екіжақты екенін байқауға болады. Мәселен, кеңестік дәуірде көбіне ұлттық тілдерге орыс тілінің әсері туралы айтылатын болса, қазір кері бағыттағы үдерістер жиі байқалады. Бұны Қазақстанда тұрып жатқан, ана тілі орыс тілі емес түрлі этнос өкілдерінің сөйлеу тілінен, орыстілді бұқаралық ақпарат құралдарынан байқауға болады. Кез келген тілдегі өзгерістерді лексикалық тұрғыда тіркеп (фиксация), қолданысқа түсіріп отыратын, тілдегі, қоғамдағы, тілдік тұлғалар интенциясындағы өзгерістерді жіті көрсететін материалдық феномен — медиамәтін. Сол себепті де отандық зерттеушінің: «Современная интегративная лингвистика выходит на междисциплинарный уровень, ее предметом становится все, что сопровождается массовой коммуникацией. Идеи, смыслы, их манифестация посредством языковых единиц — на первый взгляд, не вполне лингвистическое исследование. Но именно анализ смыслов и их фиксация в текстах дают картину развития языка/языков» [9; 15] деген пікірі назар аударарлық.

Қазіргі қазақстандық орыстілді медиамәтіндерде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, болмысына, рухани дүниесіне қатысты *онимдер* тұрақты түрде кездеседі. Олардың барлығы жиі қолданылғандықтан, орыстілді оқырмандарға, тыңдармандарға жақсы таныс. Олардың арасында тек аз ғана фонетикалық өзгеріске ұшыраған, мысалы, келін (келин), аға (брат, братан), бауырым (братишка), қарындас (сестренка), жездешка сияқты қаратпа сөздер, шаңырақ, бесік (бесик) секілді материалдық дүниенің атаулары, саяси-әлеуметтік салада қолданылатын аким, мажилисмен, жол полициясы тәрізді бірліктер болса, еш өзгеріссіз жұмсалатын бірліктер қатарында түрлі мемлекеттік бағдарламалардың (Рухани жаңғыру — Духовное обновление, Ата жолы — Дорога отцов, Денсаулық — Здоровье, Баспана — Жилье), әр алуан сыйлықтардың атауларын (Алтын жүрек, Алтын қалам), салт-дәстүрмен байланысты әрқилы сөздерді (тұсаукесер, беташар, шілдеhana, той, сарқыт, бата, алып қашу), сондай-ақ жалпы халықтық қолданыстағы ауыл, Наурыз, әлем, әдемі, ақын, жүз сөздерін атауға болады. Кейбір мәтіндерде қазақ сөзінен орыс тілінің сөзжасам үлгісімен жасалған *акимат*, *акимство*, *мажилисмен*, *болашакер* сияқты қолданыстарды байқауға болады. Жекелеген сөздер үнемі жағымсыз контексте қолданылып, стереотипке де айналып үлгерді, мысалы, *агашика* лексемасы бейресми, заңға қайшы қарым-қатынасты вербалдайтыны байқалады, дәл осындай мағынасы ауыстырылған сөз — *рақмет*, ол кейбір медиамәтіндерде пара ұғымымен теңестірілген.

Мұның өзі қазіргі Қазақстан аумағында ұзақ уақыт коммуникативтік және функционалдық тұрғыда үстем болып келген орыс тілінің дамуына қоғамда болып жатқан өзгерістер ықпал етіп отырғанын көрсетеді.

Әлеуметтік лингвистика қоғам мен тілдің қатысын зерттейтінін, ал қоғамды құрайтын адамдар екенін ескерсек, қазіргі лингвистика адаммен тығыз байланысты, адам үшін қызмет ететін, оның бар болмыс-әрекетін, сезімін, танымын, қарым-қатынасын, әлеуметтік-рөлдік мәртебесін, маңызын әр қырынан танытатын ғылым деуге болады және ол осы заманның жаңа сұрақтарына жан-жақты жауап бере алатын деңгейде.

Әдебиеттер тізімі

1 Кубрякова Е.С. Эволюция лингвистических идей во второй половине XX века (опыт парадигмального анализа) / Е.С. Кубрякова // Язык и наука конца XX века: Ю.С. Степанов, Р.М. Фрумкина, Д.И. Руденко и др. — М: Изд-во Российского государственного гуманитарного у-та, 1995.

2 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту / Ж. Манкеева. — Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. — 212 б.

- 3 Кирилина А. Основные модели описания языковых изменений в условиях глобализации / А. Кирилина, Е. Гриценко // Власть. — 2011. — № 5. — С. 55–59.
- 4 Кирилина А.В. Глобализация в аспекте лингвистики / А.В. Кирилина, Е.С. Гриценко, А.О. Лалетина // Вопросы психолингвистики. — 2012. — № 1 (15) — С. 18–37.
- 5 Качру Брэд Б. Мировые варианты английского языка: агония и экстаз / Брэд Б. Качру (пер. Т.А. Иванькова) // Личность. Культура. Общество. — Т. XIV. — Вып. 4, № 75, 76. — 2012. — С. 145–165.
- 6 Шайбакова Д.Д. Плюрицентризм языка в исследовательской модели / Д.Д. Шайбакова. — Алматы: Ұлағат, 2016. — 142 с.
- 7 [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.pluricentriclanguages.org/>
- 8 Джундубаева А.А. Описательные модели плюрицентрических языков [Электронный ресурс] / А.А. Джундубаева // Universum: Филология и искусствоведение: электрон. научн. журн. — 2017. — № 10(44). — Режим доступа: <http://7universum.com/ru/philology/archive/item/5193>.
- 9 Шайбакова Д.Д. Социально-языковая контактология / Д.Д. Шайбакова. — Алматы: Ұлағат, 2015. — 192 с.

А.С. Адилова

О современной лингвистике

В статье рассмотрено современное состояние интегративной лингвистики, основанной на новых парадигмах. Принципы экспансионизма, антропоцентризма, функционализма и экспланаторности позволяют лингвистике рассматривать язык в непосредственной связи с человеком и его существованием в обществе. Общеизвестно, что в связи с тенденцией и процессами глобализации в мировой лингвистике появились новые разделы языкознания. Вместе с тем эти изменения породили необходимость преобразования объектов исследования и моделей их описания в некоторых дисциплинах. К примеру, в социолингвистике изменился фокус рассмотрения некоторых ранее изученных проблем. В мировой лингвистике часто используют понятие «плюрицентрические (полинациональные) языки», согласно теории «трех концентрических кругов», определена новая модель описания языков при активном исследовании полинациональных языков. Функционирование, развитие, изменение плюрицентрических языков на неавтохтонной территории предполагают рассмотрение многих проблем в комплексе, ибо эти вопросы важны и для субъекта речи, и в геополитическом плане. В качестве двусторонних изменений современных плюрицентрических языков приведена казахская лексика в русскоязычных средствах массовой информации Казахстана. Современную лингвистику можно назвать наукой о человеке, поскольку человек является и читателем, и автором текста, который фиксирует и использует новые слова, отражает изменения в обществе, языке, интенции языковых личностей.

Ключевые слова: интегративная лингвистика, социальная лингвистика, полинациональные языки, региональные варианты языков, развитие языков.

A.S. Adilova

About modern linguistics

The paper examines the modern state of integrative linguistics based on new paradigm. The principles of expansionary, anthropocentric, functional and explanatory allow linguistics to view language in direct connection with man and his existence in society. It is well known that in connection with the trend and processes of globalization, new sections of linguistics have emerged in world linguistics. However, these changes have created a need to transform research objects and their description models in some disciplines. For example, in sociolinguistics the focus of consideration of some previously studied problems has changed. In world linguistics, the concept of «pluricentric (polynational) languages» is often used according to the theory of «three concentric circles,» and a new model of the description of languages is defined in the active study of polynational languages. The functioning, development and change of pluricentric languages in a non-autochthonous territory involves the consideration of many problems in a complex way, for these issues are important both for the subject of speech and in geopolitical terms. The Kazakh vocabulary in the Russian-speaking mass media of Kazakhstan is presented as bilateral changes of modern pluricentric languages. Modern linguistics can be called the science of man, because man is both a reader and the author of a text that records and uses new words, reflects changes in society, language, intence of linguistic personalities.

Keywords: integrative linguistics, social linguistics, polynational languages, regional language variants, language development.

References

- 1 Kubryakova, E.S. (1995). *Evoliutsia linhvisticheskikh idei vo vtoroi polovine XX veka* [Evolution of Linvistic Ideas in the Second Half of the 20th Century (Experience of Paradigm Analysis)]. *Yazyk i nauka kontsa XX veka — Language and Science of the Late 20th Century*. Moscow: Izdatelstvo Rossiiskoho hosudarstvennoho humanitarnoho universiteta [in Russian].
- 2 Mankeeva, J. (2010). *Kazakh tilindehi baiyrhy tubirlerdi zhanhyrtu* [Reconstruction of native roots in Kazakh language]. Almaty: Memlekettik tilde damytu ortalhy [in Kazakh].
- 3 Kirilina, A. & Gritzenko, E. (2011). Osnovnye modeli opisania yazykovykh izmenenii v usloviakh hlobalizatsii [Basic models of description of linguistic changes in the context of globalization]. *Vlast — Power*, 5, 55–59 [in Russian].
- 4 Kirilina, A.V, Gritzenko, E.S. & Laletina, A.O. (2012). Hlobalizatsia v aspekte linhvistiki [Globalization in the aspect of linguistics]. *Voprosy psikholinhvistiki — Issues of psycholinguistics*, 1 (15), 18–37 [in Russian].
- 5 Kachru, Braj B. (2012). Mirovye varianty anhliiskoho yazyka: ahonia i ekstaz [World versions of English: agony and ecstasy]. *Lichnost. Kultura. Obshchestvo — Personality. Culture. Society*, Vol. 14, 75–76, 145–165 (T.A. Ivankova, Trans) [in Russian].
- 6 Shaybakova, D.D. (2016). *Pliurizentrizm yazyka v issledovatel'skoi modeli* [Plyuricentric of language in research model]. Almaty: Ulahat [in Russian].
- 7 *pluricentriclanguages.org*. Retrieved from <http://www.pluricentriclanguages.org/>.
- 8 Jundubayeva, A.A. (2017). Opisatelnye modeli pliuritsentricheskikh yazykov [Descriptive Models of Pluricentric Languages]. *Universum: Filologia i iskusstvovedenie — Universum: Philology and Art History*, 10 (44). Retrieved from <http://7universum.com/ru/philology/archive/item/5193> [in Russian].
- 9 Shaybakova, D.D. (2015). *Sotsialno-yazykovaia kontaktologia* [Social and language contactology]. Almaty: Ulahat [in Russian].